

**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

ЭПИДЕМИОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

**Тақырыбы: Соғыс уақытындағы санитарлық-
эпидемиологиялық
мекемелердің жұмысын ұйымдастыру**

Орындаған: Ортаева.Н.А

Курс: ЖМ13-17-1

Қабылдаған: Құсаинова.А.Ж

* Әскерде эпидемияға қарсы шараларды жүргізу және ұйымдастыру, әскери дәрігерлерге әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету үшін, сонымен қатар санитарлық қадағалауды жүзеге асыру үшін медициналық қызмет санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшелер мен мекемелерді тағайындайды. Санитарлық қадағалауды және эпидемияға қарсы шараларды жүргізу үшін медициналық қызметтің барлық бөлімшелері мен мекемелері қатысады.



Санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшелер мен мекемелердің қатарына

жатады:

- * бригадаларда медицина ротасының санитарлық-эпидемиологиялық взводы (СЭВ);
- * құрамаларда – санитарлық-эпидемиологиялық зертхана (СЭЗ);
- * қосымшаларда әскердің медициналық бригадасының жеке санитарлық-эпидемиологиялық жасағы (мед.бр ЖСЭЖ);
- * майданда – майданның санитарлық-эпидемиологиялық жасағы (СЭЖ);
- * санитарлық-бақылау пункті (СБП) жатады.



* Барлық санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшелер мен мекемелердің өзара бір-бірімен байланысты жұмыс істеуі аса маңызды болып саналады. Медициналық ротаның санитарлы-эпидемиологиялық взводы және құрамалардың санитарлы-эпидемиологиялық зертханасы жұқпалы аурулар ошағын анықтауға міндетті, медициналық бригаданың жеке санитарлық-эпидемиологиялық жасағы (аса қауіпті жұқпалардан басқасы) бұл ошақты шоғырландырады, ал майданның СЭЖ-ның күштері жұқпалы аурулардың эпидемиялық ошақтарын жоюға және аса қауіпті жұқпаларды шоғырландыруға арналған.

Медициналық ротаның санитарлық-эпидемиологиялық взводуна санитарлық қадағалауды жүзеге асырғанда және эпидемияға қарсы шараларды бригада бөлімшелерінде жүргізгендегі міндеттер:

- бригада бөлімшелері мен олардың орналасу аудандарында санитарлы-эпидемиологиялық жағдайды бақылау және санитарлы-эпидемиологиялық барлау;**
- әскери құрамның жұқпалы аурулармен сырқаттанушылығын жалпы талдау, шараларды жүргізуде ұсыныстар**
- негізінде санитарлық өңдеу жүргізу, бригада бөлімшелерінде сырқаттанушылықты төмендетуге бағытталған шараларды жүргізу;**
- бригаданың жеке құрамында еңбек жағдайына, орналасудағы санитарлы-гигиеналық ережелердің орындалуына, монша, жуындыру қызметіне санитарлық қадағалау жүргізу;**
- бригада бөлімшелерінде жұқпалы аурулардың болмауының алдын алу және жою шараларын ұйымдастыру;**
- бекітілген көлемдегі токсикологиялық, радиологиялық және бактериологиялық зерттеулерді жүргізу;**
- ауыз су мен азық-түлікке сараптама жүргізу;**
- бригада бөлімшелерінің медициналық қызметіне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету;**
- зертхана саласы бойынша бригада бөлімшелерінде тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырып, оқу-әдістемелік материалдарды өңдеу;**

Медициналық ротаның санитарлы-эпидемиологиялық взводының штаты:

взвод командирі – бригада эпидемиологы

санитар-дезинфектор – дозиметрист

лаборант

3 дәрігер маман (бактериолог, токсиколог,
радиолог)

2 жүргізуші

Медициналық ротаның санитарлы-эпидемиологиялық взводының техникасы:

-Әскери медициналық зертхана (ӘМЗ) немесе Әскери далалық медициналық зертхана (Ә-ДМЗ),
-ДДА-66 және тіркеме 1-П-1,5.

Әскери медициналық зертхана (ӘМЗ) бактериологиялық, санитарлық-гигиеналық, радиологиялық зерттеулер жүргізуге және далалық жағдайларда зақымдаушы заттарды индикациялауға арналған.

Қосымшаның СЭЗ техникасына жатады: Әскери медициналық зертхана (ӘМЗ) немесе Әскери далалық медициналық зертхана (Ә-ДМЗ), УАЗ-452 А және ДДТ-2.



Қосымшалардағы санитарлық-эпидемиологиялық зертханалардың міндеттер:

- қосымшалар бөлімшелерінде орналасу ауданына, санитарлы-эпидемиологиялық жағдайына бақылау жүргізу;
- әскери құрамның жұқпалы аурулармен сырқаттанушылығын жалпы талдау, шаралары жүргізуде ұсыныстар беру негізінде өңдеу жасау, бригада бөлімшелерінде сырқаттанушылықты төмендетуге бағытталған шараларды жүргізу;
- зертхананың саласы бойынша бригада бөлімшелерінде тәжірибелік сабақтарды ұйымдастырып және оқу-әдістемелік материалдарды өңдеу.

Қосымшалардың санитарлық-эпидемиологиялық зертхана штатында:

- зертхана бастығы,
- санитарлы-гигиеналық және эпидемияға қарсы сұрақтар бойынша қосымшалардың медициналық қызметі бастығының орынбасары,
- 3 аға дәрігер мамандары (гигиенист, бактериолог, токсиколог, радиолог),
- лаборант,
- 2 нұсқаушы санитарлар (дезинфектор және дозиметрист)
- 2 жүргізуші санитар .

Әскердің медициналық бригадасының жеке санитарлы-эпидемиологиялық жасағы-Әскерді қорғаудағы эпидемияға қарсы сұрақтар бойынша, мамандандырылған сараптаманы жүргізуге және зертханалық зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ететін негізгі кеңес алушы орталық болып табылады.

Ықтимал қарсылас биологиялық қаруды қолданған жағдайда әскери медициналық бригаданың жеке СЭЖ-ның күштері эпидемияға қарсы шараларды жүргізу үшін биологиялық шабуыл жасаған аудандарға жылжиды.

Әскердің медициналық бригадасының жеке СЭЖ-ның құрамына кіреді:

-басқарушы мекеме

-санитарлы-эпидемиологиялық бөлімше (зертханасымен)

2 жылжымалы зертхана, санитарлық өңдеу взводы

- оңашалау-карантинді бөлімше

- қызмет ету бөлімшелері.

Барлығы 86 адам, оның ішінде 23 дәрігер бар.

Әскердің медициналық бригадасының жеке СЭЖ-ның бөлімшелері биологиялық зақымдалуға ұшыраған бөлімшелерді анықтауға қатысады, ықтимал қарсылас қолданған биологиялық зерттеудің түрін анықтайды, болып жатқан жағдайларға сәйкес эпидемияға қарсы шаралардың, арнайы (обсервация, карантин) шаралардың жүргізілуіне қатынасады.

Санитарлық-эпидемиологиялық бөлімше

бөлімшенің құрамында:

-12 дәрігер маман (эпидемиолог, 3 бактериолог және вирусолог аса қауіпті жұқпалар бойынша маман, 2 гигиенист, 2 токсиколог, 2 радиолог),

-зоолог,

-химик-аналитик,

-лаборанттар,

-жүргізушілер

-санитарлар

Зертхананың бастығы (эпидемиолог) жасақ бастығының орынбасары болып саналады.

Санитарлық өңдеу взводы

2 санитарлық өңдеу
бөлімшесі,
(жабдықталуында
ДДТ-2 бар)

дезинфекциялық-
дератизациялық
бөлімшелер

Оңашалау-карантинді бөлім (ОКБ) медициналық бригаданың ЖСЭЖ-ның бір бөлімшесі болып табылады, ол режимді-карантинді оңашалау шараларын жүргізеді, сонымен қатар аса қауіпті жұқпалар ошағы пайда болған жағдайда осы шараларды медициналық тасымалдау кезеңдерінде орындайды.

Оңашалау карантинді бөлімшенің штаты құрайды:

бөлімше бастығы,
дәрігер-эпидемиолог,
дәрігер-инфекционист,
фельдшер және басқа да орта және кіші медициналық қызметкерлер жатады.

Оңашалау-карантинді бөлімше орналасқан аймақ 2 аумаққа (зонаға) бөлінеді.

Біріншісі–карантиннің негізгі аумағы, бұл жерде карантинге алынған әскери бөлім орналасады, осы жерде оңашалау бөлмелері мен зертханалық зерттеулер (ӘМЗ) жүргізіледі

Екіншісі–шартты қауіпті аумақ, бұл жерде оңашалау-карантинді бөлімшесінің жеке құрамы орналасады.

Аумақтың шекараларында зақымдалғандарды және қызметкерлерді санитарлық өңдеуден өткізу үшін 2 санитарлық өңдеу бөлімшесі, сыртқы периметр бойынша сыртқы тасымалдау пункті, аумақтың шекарасында—ішкі тасымалдау пункті орналасады. Дәрігер-эпидемиолог пен дәрігер-инфекционист күн сайын әскери құрамды тексеріп отырады. Жұқпалы ауруларға күдіктілерді немесе анықталғандарды оңашалау бөлмелеріне жібереді және зертханалық тексереді, ошақта қорытынды дезинфекцияны ұйымдастырып, науқасты ауруханаға жатқызуға шаралар қолданады.

Майданның санитарлық-эпидемиологиялық жасағы.

- Майдан масштабында санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралардың жүйесін жүргізуге тағайындалған микробиологиялық, гигиеналық және санитарлық-химиялық зерттеулерді, оңашалау-карантинді, дезинфекциялық, дератизациялық шараларды және медициналық қызметтің эпидемияға қарсы шараларын күшейтуді жүзеге асыруға арналған жұмыстар жүргізіледі.
- Қарсылас бактериялық қаруды қолданғанда майданның санитарлы-эпидемиологиялық жасағы бұл шабуылдың зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастырады.
- Майданның СЭЖ-ы майдандық ауданда барлық санитарлық-алдын алу және әскери, эпидемияға қарсы шаралардың жүргізілуін қадағалайды.

Майданның санитарлық-эпидемиологиялық жасағы бөлімдері.

эпидемиологиялық

микробиологиялық

гигиеналық зертханалық бөлімшелерден

жуындырғыш-дезинфекциялық рота

медициналық қамтамасыз ету

Санитарлы-эпидемиологиялық мекемелердің жиынтығына санитарлық-бақылау пункттері кіреді, олардың негізгі міндеттері-әскери эшелондар және темір жолдармен, су жолымен, әскери автокөлік жолдарымен, сонымен қатар авиациялық көлікпен жылжып келе жатқан әскери командаларында санитарлы-эпидемиологиялық жағдайын бақылауды жүзеге асыру. Санитарлық-бақылау пункттері әскердің жылжу жолдарында әскерге жұқпалы аурулардың енуіне кедергі болып, аурудың ел аумағына таралмауы үшін эпидемияға қарсы тосқауылдардың қызметін орындайды.

СБП-ның құрамына: бастығы (дәрігер-эпидемиолог), дәрігер инфекционист және ортаңғы қызметкерлер кіреді.

Санитарлық-бақылау пункті санитарлық байқаудың жүргізілуін, қажет болған жағдайда-әскери құрамның санитарлық өңделуін, жұқпалы аурулардың оңашалануын және олармен қатынаста болғандарды обсервацияға алуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар СБП медициналық құрамға әскери эшелондарды тасымалдау бойынша нұсқаулар жүргізеді және жылжымалы құрамның санитарлық жағдайына, шаруашылық-тұрмыстық қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді, жұқпалы аурулармен ауырғандарды жақын жерде орналасқан емдеу мекемелеріне жеткізуді жүзеге асырады, әскери эшелондарды толықтырып отырады және жетіспеген медикаменттер, дезинфекциялық заттар және бактериялық препараттармен қамтамасыз етеді.

Майданның СЭЖ-ы майдандық ауданда барлық санитарлық-алдын алу және әскери, эпидемияға қарсы шаралардың жүргізілуін қадағалайды. Майданның СЭЖ-ы эпидемияға қарсы қорғауда негізгі кеңес орталығы, сонымен қатар санитарлық инструкторлар-дезинфекторларды және дератизаторларды дайындауда оқу орталығы болып табылады. Ол мамандандырылған сараптаманы және зертханалық зерттеулерді және әскер орналасқан аймақта мамандандырылған медициналық барлауды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Назарларыңызға рахмет!